

Ішкі сауда ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 371 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 б ұ й р ы ғ ы .

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ішкі сауда ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 1

с ә у і р д е г і

N

3 7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ішкі сауда ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі сауда ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында ішкі сауда қызметін жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық кесімдерімен реттелетін тауарлардың жекелеген түрлерінің айналымы жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автодүкен - сауда жабдығымен жарақталған мамандандырылған автокөлік құралы ;

2) тауардың түр-түрі - қандай болмасын бір немесе жиынтық белгілер бойынша біріктірілген тауарлар жиыны;

3) ішкі сауда (ішкі сауда қызметі) - Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын сауда қызметі;

4) көшпелі сауда - мамандандырылған немесе сауда үшін арнайы жабдықталған көлік құралдарын, сондай-ақ тек көлік құралымен жиынтықта қолданылатын ұтқыр жабдықты пайдалана отырып, тұрақты жұмыс істейтін бөлшек сауда желісінен тыс жүзеге асырылатын бөлшек сауда;

5) жылжымалы сөре - арнайы белгіленген орынға орналастырылатын жеңіл құрылатын тасымалды немесе жылжымалы сауда орны;

6) тауар сапасы - тауардың тұтынушылық сипаттарының жиынтығы;

7) дүңгіршек - арнайы бөлінген жер учаскесіне орнатылатын, сауда залы болмайтын, сауда жабдығымен жарақталған күрделі емес тасымалды құрылыс;

8) дүкен - сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлармен, сондай-ақ тауарларды қабылдауға, сақтауға және сатуға дайындауға арналған үй-жайлармен қамтамасыз етілген тұрақты жұмыс істейтін күрделі құрылыс немесе оның бөлігі ;

9) көтерме сауда - жеке, отбасылық, үйшілік және осыған ұқсас өзге де пайдаланумен байланысты емес, кейіннен сатуға немесе өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

10) шатыр - құрастырмалы-жинамалы конструкциядан жасалып, сауда жабдықтарымен жарақталған және арнайы бөлінген орынға орналастырылатын жеңіл құрылатын құрылыс ;

11) сатып алушы - тауар сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

12) сатушы - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сауда қызметін жүзеге асырушы сауда қызметінің субъектісі;

13) бөлшек сауда - тауарларды тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

14) жарамдылық мерзімі - ол аяқталғаннан кейін тауар мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын уақыт кезеңі;

15) сақтау мерзімі - белгіленген сақтау шарттары сақталған жағдайда тауар нормативтік құжаттарда көрсетілген өзінің барлық қасиеттерін сақтайтын кезең;

16) тез бұзылатын тамақ өнімдері - тасымалдаудың, сақтаудың және сатудың

арнайы катал регламенттелетін шарттарын талап ететін тамақ өнімдері;

17) тауар - айналымнан алынбаған, сатуға немесе айырбасқа арналған кез келген еңбек өнімі;

18) тауарлық көршілік - шикі және дайын өнімдерді бірге сақтауды және сатуды, олардың ластануын және тауардың сапасына әсер ететін бөгде иістердің сіңуін болдырмайтын шарттар;

19) сауда қызметі - жеке және заңды тұлғалардың тауарларды сатып алу-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі;

20) сауда ақпараты - тауар, дайындаушы, сатушы туралы заңнамада көзделген және тауармен және оны пайдаланудың ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында сатушыға жеткізілетін мәліметтер;

21) сауда автоматы - тауарларды сатуға арналған автоматтандырылған құрылысы;

22) сауда үйі - біртұтас басқарылатын сауда объектілерінің және қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жиынтығы орналасқан сауда қызметіне арналған және сауда, әкімшілік-тұрмыстық және қойма үй-жайларымен және өз аумағы шекарасының шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңмен қамтамасыз етілген тұрақты жұмыс істейтін күрделі құрылысы;

23) сауда залы - сатып алушыларға қызмет көрсетуге арналған сауда үй-жайының арнайы жабдықталған негізгі бөлігі;

24) сауда мүкаммалы - сауда қызметін жүзеге асыруға арналған заттар;

25) сауда объектісі - сауда қызметін жүзеге асыру үшін сауда қызметінің субъектілері пайдаланатын мүліктік кешен;

26) сауда базары - аумақта шаруашылық қызметін көрсету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін, маңындағы аумақтан бөлектенген, сауда қызметіне арналған және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етіліп оқшауланған мүліктік кешен;

27) баға - тауар құнының ақшалай көрінісі;

28) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган - сауда қызметі саласында мемлекеттік реттеуді және үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

29) қоғамдық тамақтандыру - тамақ өнімдерін өндірумен, қайта өңдеумен, сатумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет;

30) мейрамхана - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет көрсететін, тапсырыстық және фирмалық тағамдарды қоса алғанда, дайындалуы күрделі астың түр-түрін, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі;

31) дәмхана - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет көрсететін,

дайындалуы күрделі емес астың түр-түрін, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі;

32) бар - тұтынушыларға тіске басар, десерт және кондитерлік тағамдар, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс

33) асхана - тұтынушылар дербес қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектісі .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Ішкі сауда қызметінің субъектілері мен объектілері

4. Ішкі сауда қызметінің субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар жатады.

5. Сауда объектілері мен қоғамдық тамақтандыру объектілері ішкі сауда объектілеріне жатады.

6. Сауда объектілеріне мыналар жатады:

1) с а у д а а в т о м а т ы ;

2) ж ы л ж ы м а л ы с ө р е ;

3) а в т о д ү к е н ;

4) ш а т ы р ;

5) д ү н г і р ш е к ;

6) д ү к е н ;

7) с а у д а ү й і ;

8) сауда базары.

7. Сауда объектісінің мамандануын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының келісімі бойынша оның меншік иесі айқындайды.

8. Қоғамдық тамақтандыру объектілері мынадай санаттарға бөлінеді:

1) м е й р а м х а н а ;

2) д ә м х а н а ;

3) б а р ;

4) асхана.

3. Сауда қызметін жүзеге асыруға қойылатын талаптар

Параграф 1. Сауда қызметін жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптар

9. Сатуға ұсынылатын тауарлардың түр-түрін, көрсетілетін қызметтердің тізбесін, сондай-ақ қызмет көрсету нысандарын сатушы өз қызметінің бейіні мен мамандануына сәйкес дербес айқындайды.

10. Сатушы сауда қызметін жүзеге асыру кезінде бейіні мен мамандандуды ескере отырып, ұлттық стандарттарда, санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, өртке қарсы қағидаларда және басқа нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды сақтайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

11. Сатушы тауарларды сату орындарында сақтау мен өткізу кезінде стандарттардың талаптарына сәйкес олардың сапасы мен қауіпсіздігін сақтауды, сауданың тиісті жағдайларын, сондай-ақ сатып алушының тауарларды дұрыс таңдауы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті үй-жайларға, жабдық пен мүкәммалға ие болады.

12. Егер сатушы жүзеге асыратын қызмет лицензиялауға жататын болса, онда ол лицензияның нөмірі мен қолданылу мерзімі туралы, сондай-ақ оны берген орган туралы ақпаратты ұсынады.

Көрсетілген ақпарат сатып алушының танысуы үшін ыңғайлы орындарда орналастырылады.

Егер сауда сатушының тұрақты тұратын жерінен тыс жүзеге асырылса, осыған ұқсас ақпарат сауда уақытша үй-жайларда, жәрмеңкелерде, лотоктардан және басқа да жағдайларда жүзеге асырылған кезде де сатып алушылардың назарына жеткізіледі.

13. Сатушы уақытылы көрнекі және қолжетімді нысанда тауарларды дұрыс таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін тауарлар мен оларды дайындаушылар, атап айтқанда:

- 1) тауардың атауы;
- 2) тауар шығарылған ел, тауарды дайындаушының атауы мен орналасқан жері (мекен-жайы), дайындаушы (сатушы) сатып алушылардан талаптар қабылдауға уәкілеттік берген және тауарға жөндеу жүргізетін әрі техникалық қызмет көрсететін ұйымның (ұйымдардың) орналасқан жері;
- 3) талаптарына тауар сәйкес келуі тиіс стандарттардың белгіленуі;
- 4) тауардың тұтыну сипаттары мен құрамы туралы мәліметтер;
- 5) тауарды тиімді және қауіпсіз пайдалану мен сақтаудың тәсілі, ережесі және шарттары;
- 6) кепілдік міндеттемелер және талаптар қоюдың тәртібі;
- 7) егер олар нақты тауар үшін белгіленсе, дайындалған күні, қызмет ету мерзімі немесе сақтау және жарамдылық мерзімі, сондай-ақ егер тауарлар көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін сатып алушының өміріне, денсаулығына

және мүлкіне қауіп төндіретін болса немесе өз мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз болса, көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін сатып алушының қажетті әрекеттері туралы және ондай әрекеттер орындалмаған жағдайда мүмкін болатын салдарлар туралы мәліметтер;

8) тауарды сатып алу шарттары;

9) тауардың көтерме саудадағы және (немесе) бөлшек саудадағы бағасы, оның ішінде қосылған құн салығы көрсетіле отырып;

10) тауардың сапасы мен дайындаушының тауарлық белгісі туралы мәліметтер;

11) аудио, аудиожазба өнімдерін, электронды есептеу машиналары мен деректер қорларына арналған бағдарламаларды сату кезінде - туындыға авторлық және/немесе сабақтас құқықтардың иесі туралы мәліметтер туралы қажет және дұрыс ақпаратты сатып алушының назарына жеткізеді.

14. Егер сатып алушы сатып алған тауар бұрын қолданыста болса немесе ақауы (ақаулары) жөнделген болса, сатушы бұл ақпаратты сатып алушының назарына жеткізеді.

15. Тауарларды сату кезінде сатушы тауарлардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растау туралы ақпаратты сатып алушының назарына жеткізеді және тұтынушыға оның талап етуі бойынша мына құжаттардың бірін ұсынады:

1) сәйкестік туралы сертификат немесе декларация және тауардың қауіпсіздігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды;

2) сертификаттың түпнұсқасын ұстаушы немесе сертификат берген тауарларды сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган куәландырған сертификаттың көшірмесі;

3) дайындаушы немесе жеткізуші (сатушы) ресімдеген тауарға ілеспе құжаттар;

4) туындылар авторлық (лицензиялық) шарт бойынша қайта шығарылған жағдайда - шарттың көшірмесі.

3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар дайындаушының (жеткізушінің, сатушының) деректемелері көрсетіле отырып, оның қолымен және мөрімен куәландырылады.

16. Тауар, оны дайындаушы және сатушы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде және стандарттардың талаптарында белгіленген тәсілдермен, ал егер олар көрсетілген кесімдермен айқындалмаған болса, онда тауарлардың жекелеген түрлері үшін немесе халықаралық стандарттармен қабылданған тәсілдермен сатып алушының назарына жеткізіледі.

Бұл ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

17. Сатушы, тауарлар және оларды дайындаушылар туралы ақпарат сатып алушылардың назарына мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажет болған жағдайда сатушының қалауы бойынша басқа да тілдерде жеткізіледі.

18. Мыналарды сатуға жол берілмейді:

1) зияткерлік меншік объектілерін қамтитын, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұза отырып немесе бөгде тауарлық белгіні заңсыз пайдалана отырып дайындалған тауарлар;

2) айналымнан алынып тасталған тауарлар;

3) арнайы рұқсат алынбаған, айналымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектеулі тауарлар;

4) белгіленген тәртіппен таңбалауға жататын, акциздік маркалары жоқ акцизделетін тауарлар;

5) тиісті сапасы жоқ, қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін және нормативтік құжаттарға, техникалық шарттарға сәйкес келмейтін тауарлар;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен сатуға тыйым салынған өзге де тауарлар.

19. Сатушы көрсетілетін қызметтер, олардың бағалары және қызметтер көрсетудің шарттары, сондай-ақ тауарларды сату кезінде қолданылатын сауданың түрі туралы көрнекі және дұрыс ақпарат береді. Тауарларды сату кезінде сатып алушыға өз бетімен немесе сатушының көмегімен өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік беріледі.

20. Сатушы сатып алушыға ұсынылатын тауарды қарау, сипаттарына тексеру жүргізу немесе, егер оған тауардың сипатына қарай тыйым салынбаса, оның жұмыс істеуін көру мүмкіндігін береді.

21. Сатып алушыға сатып алынатын тауарлардың сапасын, жиынтығын, шамасын, салмағын және бағасын, олардың ыңғайлылығын тексеру, сондай-ақ оларды қауіпсіз және дұрыс пайдалану жөнінде ақпарат алу мүмкіндігі беріледі.

Сатушы мұндай жағдайларда, оның ішінде көрсетілген сипаттамаларды өз бетімен тексеру үшін оған бақылау-өлшеу құралдарын ұсынады және қажет болған жағдайда оларды сараптамаға жіберуге ықпал етеді.

22. Сатушы сатылатын тауарларда тауардың атауын, оның сортын, тауардың салмағы немесе бірлігі үшін бағасын көрсете отырып, айқын ресімделген баға көрсеткіштерінің болуын қамтамасыз етеді.

23. Тауардың бағасын сауда қызметінің субъектілері өз бетімен айқындайды. Бағаларды мемлекеттік реттеуге тек Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес рұқсат етіледі.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе сатушы мен сатып алушының арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, сатушының сатып алушыға кассалық немесе тауарлық чекті немесе тауарға ақы төленгендігін

растайтын өзге де құжатты берген сәтінен бастап сатып алу-сату шарты тиісті нысанда жасалған болып саналады.

25. Сатушы өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналарын қолданады.

26. Сатушы сатып алушыға тауардың құнына енгізілуі мүмкін тауарларды сатумен байланысты қызметтерді ұсынады.

Бұл ретте сатып алушыға тауарды сату кезінде ұсынылатын қызметтерден бас тарту, сондай-ақ сатушыдан өзінің келісімінсіз ұсынылған қызметтер үшін төленген соманың қайтарылуын талап ету мүмкіндігі беріледі.

27. Сатушы бір тауарларды сатуды екінші тауарларды міндетті түрде сатып алуға немесе оларды сатуға байланысты міндетті қызметтер көрсетуге шарттаспайды.

28. Сатушы өз сипаты бойынша ыдысқа салуды және (немесе) орауды қажет етпейтін тауарды қоспағанда, сатып алушыға тауарды лайықты сапада ыдысқа салып және (немесе) ораммен, тауарға қатысты құжаттармен және керек-жарақтармен бірге белгілі бір жиында (тауарлар жиынтығы) және жиынтықта береді.

Берілетін тауардың сапасына, ыдысына және (немесе) орамына, оның жиынтықтығына, керек-жарақтары мен құжаттамасына, тауарлар жиынтығына, сондай-ақ тауарды жеткізу шарттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

29. Тауарды сатып алушының оны белгілі бір мерзімде қабылдайтыны туралы шартпен сатқан жағдайда, сатушы тауарды осы мерзім ішінде басқа сатып алушыға сата алмайды.

Егер сатушы мен сатып алушының арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, сатушының келмеуін немесе шартта айқындалған мерзім ішінде тауарды қабылдау үшін өзге де қажетті әрекеттер жасамауын сатушы сатып алушының тауарды сатып алудан бас тартуы деп қарауы мүмкін.

30. Егер сатушы неғұрлым ұзағырақ мерзім жарияламаған болса, сатып алушыға азық-түлік емес тауар берілген сәттен бастап 14 күн ішінде оған сатып алынған тиісті сапалы тауарды сатып алу орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда, бағада айырмашылық болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырысу жүргізе отырып, басқа мөлшердегі, нысандағы, ауқымдағы, пішіндегі, түстегі, жиынтықтағы және тағы басқа ұқсас тауарға алмастыру мүмкіндігі беріледі.

Сатушыда алмастыру үшін қажетті тауар болмаған жағдайда сатып алушыға сатып алынған тауарды сатушыға қайтару және ол үшін төленген ақшалай соманы алу мүмкіндігі беріледі.

Уағдаластық бойынша сатушы сатып алушыға сатып алынған тауарды ол саудаға бірінші түскен кезде ұқсас тауарға айырбастау мүмкіндігін береді.

Егер тауар тұтытуда болмаса, оның тұтынушылық қасиеттері сақталса және оның осы сатушыдан сатып алынғаны туралы дәлелдер болса, сатып алушының тауарды айырбастау не қайтару туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

31. Егер тауардың кемшіліктері сатушымен келісілмесе, тиісті сапасы жоқ тауар берілген сатып алушыға өз қалауы бойынша сатушыдан:

- 1) сатып алу бағасын мөлшерлес азайтуды;
- 2) ақылға қонымды мерзімде тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды;
- 3) тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсалған өз шығыстарын өтеуді;
- 4) тиісті сапасы жоқ тауарды шартқа сәйкес тауарға алмастыруды;
- 5) шартты орындаудан бас тарту және тауарға төленген ақшалай соманы қайтаруды талап ету мүмкіндігі беріледі.

Параграф 2. Сауда объектілеріне қойылатын талаптар

32. Сауда автоматтарын, жылжымалы сөрелерді, автодүкендерді, шатырлар мен дүңгіршектерді қоспағанда, сауда қызметінің объектілері:

1) өз ұйымының фирмалық атауы, орналасқан жері (мекен-жайы) және жұмыс режимі көрсетілген маңдайша жазуларымен (мемлекеттік, орыс және сатушының тілегі бойынша басқа да тілдерде);

2) сауда аймақтарының мамандану бойынша көрсеткіштерімен;

3) барлық қажетті объектілер: сауда қатарлары, анықтама бюросы, сантехникалық тораптар, бақылау өлшеу құралдары тағы басқалар көрсетілген ж о с п а р л а р м е н ;

4) сауда бөлімшелеріне (көкөніс, жеміс-жидек, ет, сүт, тұрмыстық тауарлар, киімдер, аяқ киімдер т.б.), тамақтандыру пункттеріне, бақылау таразыларына, шығар есіктерге, автокөлік тұрақтарына, балалар алаңдарына бағыттау к ө р с е т к і ш т е р і м е н ;

5) автокөлікті қоюға арналған тұрақтармен;

6) сантехникалық тораптармен;

7) күзетпен жарақталады.

33. Сауда қызметінің объектілері техника қауіпсіздігі ережелеріне, ветеринарлық, санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы және сауда қызметінің тиісті объектісі үшін белгіленетін басқа да талаптарға жауап беруі тиіс.

34. Сауда жабдығын сауда объектісінде орналастыру тұтынушылардың сауда орындарына еркін кіруін, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды, авария немесе

төтенше жағдайларда адамдар мен материалдық құндылықтарды шұғыл шығару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

35. Азық-түлік емес сауда объектілерінде (сауда объектілерінің залдарында) заттарды (киім, аяқ киім) сату кезінде оларды өлшеп көруге арналған жағдайлар, ал күрделі техника мен тексеруді талап ететін басқа да тауарлар үшін тексеру жүргізуге арналған жағдайлар жасалуы тиіс.

36. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат еткен материалдардан жасалған ыдыстардан, тауарлық көршілік қағидаты сақтала отырып, жүзеге асырылады.

37. Сауда объектісі қажетті сауда мұқаммалымен, жабдықпен, оның ішінде " Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарымен жарақталады.

Параграф 2-1. Мейрамхана, дәмхана, бар, асхана санаттары бойынша қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптар

Ескерту. 3-бөлім 2-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

37-1. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде (мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда) тұтынушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, олардың мүлкінің сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

37-2. Қоғамдық тамақтандыру объектілерін (мейрамханаларды, дәмханаларды, барларды, асханаларды) орналастыруға, жер учаскелерін беруге, салу мен қайта жаңартуға арналған жобалық құжаттаманы бекітуге, пайдалануға беруге санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда рұқсат етіледі.

37-3. Қоғамдық тамақтандыру объектілері (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) ғимараттарының сәулет-жоспарлау шешімдері мен сындарлы элементтері және пайдаланылатын техникалық жабдық сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы Техникалық регламенттерге с ә й к е с к е л у і т и і с .

37-4. Қоғамдық тамақтандыру объектілерін (мейрамханаларды, дәмханаларды, барларды, асханаларды) жеке тұрған және жапсарлас салынған ғимараттарда, қоғамдық ғимараттарға іргелес салынған үй-жайларда, ғимараттардың бірінші және одан төменгі қабаттарында орналастыруға, сондай-ақ өнеркәсіптік объектілердің аумақтарында орналастыруға рұқсат беріледі.

Тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарда орындар саны және орын-жайлар көлемі шектелген, қоғамдық тамақтандырудың іргелес-жапсарлас салынған объектілерінде орналастыруға рұқсат етіледі.

37-5. Тұрғын үй ғимараттарында орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (мейрамханалардың, дәмханалардың, барлардың, асханалардың) ғимараттың тұрғын үй бөлігінен оқшауланған кіру және көшудің шығу есіктері болуы тиіс. Азық-түлік шикізатын және тағам өнімдерін тұрғын үйдің аула жағынан қабылдауға жол берілмейді. Жүк тиеуді тұрғын үйдің терезелері жоқ бүйір жағынан, арнайы жүк тиейтін үй-жайлар болған жағдайда магистральдар жағынан жер асты туннелдерінен орындау қажет. Өнімділігі шағын объектілер үшін оның жұмысы басталғанға дейін негізгі кірер есік жағынан жүк тиеуге р ұ қ с а т е т і л е д і .

37-6. Қоғамдық тамақтандыру объектілерін (мейрамханаларды, дәмханаларды, барларды, асханаларды) тұрғын үй ғимараттарында орналастырған кезде олардың үй-жайлары шу, діріл деңгейі және дыбысты оқшаулау талаптары бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

37-7. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (мейрамханалардың, дәмханалардың, барлардың, асханалардың) жазғы алаңдарын тұрғын үй ғимараттарының бірінші қабаты терезелерінің алдына және тротуарларға орналастыруға, сондай-ақ тамақ дайындайтын технологиялық жабдық пен дыбыс шығаратын аппаратураны орнатуға жол берілмейді.

37-8. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде (мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда) қоғамдық тамақтандырумен байланысты емес тұруға, жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған үй-жайларды орналастыруға, сондай-ақ жануарлар мен құстар ұстауға рұқсат етілмейді.

37-9. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде (мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда) авариялық шығу жолдары, сатылар, авариялық жағдайдағы іс-қимылдар туралы нұсқаулықтар көзделген, көрінетін жерлерде өрт жағдайы кезінде адамдарды көшіру жоспарлары (схемалар), сондай-ақ тұтынушылардың қалыпты жағдайда да төтенше жағдайларда да еркін бағдар алуын қамтамасыз ететін, жақсы көрінетін ақпараттық нұсқаулар ілінеді.

37-10. Қоғамдық тамақтандыру объектілері (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті санын анықтауға сәйкес жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуге және автоматты өрт сигналын беру және қолданыстағы нормаларға сәйкес адамдарға өрт туралы хабарлау жүйесімен жабдықталуы, инженерлік жүйелермен және жайлылықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін жабдықтармен жарақталуға, оның ішінде жасанды және табиғи жарықтары, ыстық және суық сумен, кәрізбен

жабдықтау, жылыту, желдету жүйелері, телефон байланысы болуы тиіс.

37-11. Салынып және қайта жаңартылып жатқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінде (мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда) мүгедектерге қызмет көрсету үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттардың қолданыстағы талаптарына сәйкес мүгедектердің арбалары жүріп өту үшін кіру есіктерінде еңіс пандустар, лифтілер, залдарда мүгедектердің арбалары айналып бұрылуы үшін алаңдар, арнайы жабдықталған дәретхана бөлмесі көзделуі тиіс.

37-12. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде (мейрамханаларда, дәмханаларда, барларда, асханаларда) қызмет көрсетілетін контингенттің ерекшелігіне сәйкес арнайы қызмет көрсету аймақтары көзделуі мүмкін, мысалы диеталық, емдеу-сауықтыру, балалар тамағы.

37-13. Өндірістік үй-жайларды орналастыру және осы үй-жайлардағы жабдықтар өнімді өндіру мен сатудың технологиялық үдерістерінің дәйектілігін (ағымын), сондай-ақ санитарлық ережелердің технологиялық жобалау нормаларының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

37-14. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (мейрамханалардың, дәмханалардың, барлардың, асханалардың) аумағы абаттандырылуы, таза ұсталуы тиіс, онда көлікті уақытша қоюға арналған алаңдар, қоқыс жинау үшін қақпағы бар контейнерлер орнатуға арналған асфальтталған немесе бетондалған алаң көзделуі тиіс. Қоқыс жинау алаңы объектілерден және тұрғын үйлердің терезелері мен есіктерінен кемінде 25 метр қашықтықта орналастырылады.

Параграф 3. Сауда қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық талаптар

38. Тамақ өнімдерін сақтаумен және сатумен айналысатын сауда қызметінің субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақтауы тиіс.

39. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринарлық препараттарды, азықтар мен азықтық қоспаларды дайындау, сақтау және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда қызметінің субъектілері Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестендіру рәсімінен өтеді.

40. Азық-түлік тауарларын сататын және қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсететін сауда объектілері мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметкерлері халықтың санитарлық-эпидемиологиялық

салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық тексеруден және гигиеналық оқытудан өтеді.

4. Ішкі сауданың түрлері

41. Ішкі сауда түрлеріне көтерме және бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру және заңнамада белгіленген өзге де сауда түрлері (аукциондық, комиссияндық, шекара маңы, көшпелі, көрме-жәрмеңкелік, электрондық, биржалық сауда және тапсырыстар бойынша сауда) жатады.

Параграф 1. Көтерме сауданы жүзеге асыру тәртібі

42. Көтерме сауда бөлшек сауданы жүзеге асыру орындарынан оқшауланған орындар болған жағдайда мамандандырылған немесе аралас дүкендерде, сауда үйлері мен сауда базарларында жүзеге асырылады.

Оқшауланған орындар болған жағдайда көкөніс және жеміс-көкөніс өнімдерін көлік құралдарынан көтерме саудамен сатуға рұқсат етіледі.

43. Тауарлар түр-түрінің ауқымдылығы бойынша көтерме сауда мамандандырылған және әмбебап болуы мүмкін.

Мамандандырылған көтерме сауда тауарлардың жекелеген түрлерін сатуға бағдарланады.

Әмбебап көтерме сауда сауданы бірнеше тауарлар түрлерін сатуға бағдарланады.

44. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде сауда объектісі түр-түрліліктің ерекшелігіне және жұмыс істеудің нақты жағдайларына қарай тауарды өндіру аймақтарында да, оларды жаппай тұтыну орталықтарында да орналасуы мүмкін.

45. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде:

1) сауда объектілерінде сатылатын тауарларға қойылатын бағалардың деңгейі мен шектері;

2) мәмілелер кезіндегі делдалдық үшін сауда объектісіндегі делдалдар алатын сыйақы мөлшерлері белгіленбеуі тиіс.

46. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде сауда объектілерінің меншік иелері мынадай талаптарды қамтамасыз етеді:

1) тауарларды сату, сатып алу, сақтау;

2) көтерме сауданы жүргізуге арналған ұйымдық жағдайлар жасау, сауда мәмілелерін жасасу;

3) сатылатын тауарлардың сапасын бақылауды қамтамасыз ету және осы Ереженің талаптарын сақтау;

4) көтерме сауда субъектілерін салмақ өлшеу жабдығымен және басқа да қызмет түрлерімен қамтамасыз ету;

5) инженерлік инфрақұрылым құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету,

тоңазыту, сауда жабдығына және өзге де жабдықтар мен тетіктерге техникалық қызмет көрсету ;

б) сауда объектісін күзету және көтерме сатып алу-сату жүргізудің қауіпсіздігі .

Көтерме сауда объектісінің аумағында техникалық реттеу және метрология, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, ветеринарлық қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметтері мен банк және қаржы мекемелерінің, байланыстың бөлімшелері (филиалдары) және басқалары да орналасуы мүмкін .

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 637 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

47. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде, жасалған сату-сатып алу шарттары бойынша есеп айырысуды қолма қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асыруға рұқсат етіледі .

Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде көтерме саудаға қатысушылармен (тауардың меншік иелерімен) келісім бойынша аукциондық және конкурстық сауда-саттықтарға рұқсат етіледі.

Параграф 2. Бөлшек сауданы жүзеге асыру тәртібі

48. Бөлшек сауданы жүзеге асыратын сатушы тауарды Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен қандай да бір тауарларды сату кезінде тұтынушының жасы бойынша шектеу қойылатын жағдайларды қоспағанда, тауарды сатып алуға өтініш білдірген әрбір адамға сатады. Мұндай жағдайларда сатушы, егер тұтынушы өзінің жасын растайтын құжаттар ұсынбаса, сатудан бас тартады.

49. Сатушы бөлшек сауданы жүзеге асыру кезінде сатып алушыға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке, отбасылық, үйшілік немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды береді.

50. Бөлшек сауда дүкендер, сауда үйлері, сауда базарлары, сауда автоматтары, дүңгіршектер, автодүкендер, шатырлар және жылжымалы сөрелер арқылы жүзеге асырылады.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, не тауардың табиғатынан туындамаса, бөлшек сауда кезінде тауардың әр бірлігі оралады, өлшеніп, буылады.

52. Тауарларды сатылатын орындарында шығарып қою, олардың үлгілерін көрсету немесе сатылатын тауарлар туралы мәліметтер беру (сипаттау, каталогтар, фотосуреттер тағы сол сияқты), сатушы тиісті тауарлардың сатуға арналмағанын анық айқындаған жағдайларды қоспағанда, бағаларының немесе

сатып алу-сату шартының басқа да елеулі жағдайларының көрсетілгеніне карамастан, жария оферта болып танылады.

53. Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта бойынша және басқа да тәсілдермен сату арқылы атқарылатын сауда орындарынан тыс бөлшек сауда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен реттеледі.

54. Егер заңнамалық кесімдерде немесе бөлшек саудада сатып алу-сату шартында, оның ішінде сатып алушы қосылатын формулярлардың немесе өзге де стандартты нысандардың шарттарында өзгеше белгіленбесе, сатушы сатып алушыға кассалық немесе тауарлық чекті немесе тауар төлемін растайтын өзге де құжатты берген сәтінен бастап бөлшек саудада сатып алу-сату шарты лайықты нысанда жасалған болып саналады.

Параграф 3. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің сауданы жүзеге асыру тәртібі

55. Сауда қызметінің субъектілері өз өнімін, сондай-ақ басқа да азық-түлік тауарларын өндіру, қайта өңдеу, сату және тұтынуды ұйымдастыру және қоғамдық тамақтану өнімдерін тұтынуды ұйымдастыру мен қызметтер көрсету үшін мүліктік кешенді - мейрамхананы, дәмхананы, асхананы, барды пайдаланады.

56- 61. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

62. Сауда қызметінің субъектілері, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, өз қызметін қоғамдық тамақтандыру объектісінің сауда залдарында да, олардан тысқары жерлерде де жүзеге асырады. Қоғамдық тамақтандыру объектісінің үй-жайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес орналасады және жабдықталады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

63. Қоғамдық тамақтандыру объектілері сатып алушыға осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген ақпараттан басқа мынадай:

- 1) ұсынылатын өнімнің түр-түрі туралы;
- 2) ұсынылатын қызметтердің тізбесі туралы мәліметтерді береді.

64. Сатып алушылардың белгілі бір контингентіне (жұмысшылар, оқушылар, жолаушылар, көрермендер және басқалар) қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектілері жанында өздері орналасқан ұйымдардың, мекемелердің әкімшіліктерімен келісім бойынша жұмыс режиміне, сабақтар

кестесіне, ұшақтардың, пойыздардың, автобустардың қозғалыс кестесіне сәйкес жұмыс режимін белгілейді.

65. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде келушілерге ас мәзірін ұсыну қоғамдық тамақтандырудың ас мәзірінде көрсетілген тауарларын бөлшек саудада сатып алу-сату шартын жасасуына ұсыныс (жария оферта) болып танылады.

66. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 738 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

5. Сауданың өзге де түрлерін жүзеге асыру тәртібі

Параграф 1. Аукциондық сауда

67. Тауарларды сату жөніндегі аукциондық сауда жария сауда жүргізу ж о л ы м е н жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Бастапқы баға сатушының сауда-саттық жүргізу сәтіндегі тауардың рыноктық құны негізге алына отырып айқындалуы мүмкін, түпкілікті бағаны сатып алушы сауда-саттық жүргізудің нәтижесінде айқындайды.

68. Аукцион нысанындағы конкурстық сауда-саттық кезінде сатушы аукционның затын ол үшін неғұрлым жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

69. Аукциондық сауда сатушы жариялаған бағаны арттыру немесе кеміту шарттарында өткізілуі мүмкін.

70. Бағаны төмендетумен өткізілетін аукциондық сауда шарттарында ол бойынша заттың сатылуы мүмкін болатын ең төменгі баға көзделуі мүмкін.

71. Осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген тауарлардан басқа кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік аукциондық сауданың нысанасы болуы мүмкін.

72. Аукциондық саудаға қатысу туралы ұсыныстар аукцион заты, оны өткізудің орны мен уақыты туралы мәліметтерді қамтиды.

73. Аукциондық саудаға қатысуға тілек білдірген тұлғалар, егер оны өткізудің шарттарында өзгеше белгіленбесе, аукцион басталғанға дейін, аукционға қатысуға өтініш береді және кепілдік жарнаның белгіленген сомасын енгізеді.

74. Егер аукционның затын оған қатысушылардың бір де бірі сатып алуға тілек білдірмесе, бастапқы бағаның төмендетілуі немесе аукционның заты осы аукционнан алып тасталуы мүмкін.

75. Егер аукцион шарттарында өзгеше белгіленбесе, ең жоғары баға ұсынған аукционға қатысушымен оған аукционның затын сату туралы шарт жасалады.

76. Егер сатып алушы осы Ереженің 75-тармағында көзделген шартты жасасудан бас тартса, ол аукционға қатысушылардың қатарынан шығарылады, оған кепілдік жарна қайтарылмайды, ал сатып алушы оны сатып алудан бас тартқан аукционның заты сауда-саттыққа қайтадан шығарылуы мүмкін.

77. Аукционға қатысқан, бірақ онда ештеңе сатып алмаған тұлғаларға кепілдік жарнаның сомасы қайтарылады.

Аукционның қандай да бір затын сатып алған тұлғаларға кепілдік жарнаның сомасы төленген сатып алу бағасының есебіне есептеледі.

Параграф 2. Комиссиялық сауда

78. Комиссияға тауарлар Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетелдік азаматтардан, азаматтығы жоқ тұлғалардан қабылданады.

79. Егер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында меншік құқығы ауысуының өзге тәртібі көзделмеген болса, комиссияға қабылданған тауарға меншік құқығы ол сатып алушыға сатылған (берілген) сәтке дейін комитентте қалады.

80. Комиссионер комитенттің алдында өзіндегі комитент сату үшін берген тауардың жоғалғаны, жетпегені немесе бүлінгені үшін жауап береді.

81. Комиссионер мен комитент арасындағы келісім бойынша комиссияға жаңа және бұрын тұтынылған азық-түлік емес тауарлар қабылданады.

82. Комиссияға тауарларды қабылдау комиссионер және комитент қол қоятын мынадай мәліметтерді қамтитын жазбаша нысандағы комиссия шартын ж а с а у ж о л ы м е н р е с і м д е л е д і :

- 1) шарттың нөмірі, оның жасалған күні;
- 2) тараптардың атауы және деректемелері (мекен-жайы, есеп шоты, комиссионердің телефоны, паспорт деректері немесе комитенттің жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың деректері);
- 3) т а у а р д ы ң а т а у ы ;
- 4) бұрын тұтынылған тауардың тозу деңгейі және кемшіліктері;
- 5) т а у а р д ы ң б а ғ а с ы ;
- 6) комиссиялық сыйақының мөлшері және төлеу тәртібі;
- 7) тауарды комиссияға қабылдау шарттары; тауарға арзандату жүргізудің тәртібі мен мөлшері; тауарды сатудың оны арзандатқанға дейінгі және кейінгі мерзімдері; комиссионер сатпаған тауарды комитентке қайтарудың шарттары м е н т ә р т і б і ;

8) комиссионер мен комитент арасында есеп айырысу шарттары мен тәртібі; егер тараптардың келісімі бойынша бұл шығыстар өтелуге жатса, комиссияға қабылданған тауарды сақтау бойынша комиссионердің шығыстарын төлеу

м ө л ш е р і .

Тауарларды комиссияға қабылдау ресімделетін шартқа тараптардың келісімі бойынша комитенттің құқықтарын шектемейтін қосымша шарттар енгізілуі мүмкін .

Егер комиссияға бірнеше тауарлар тапсырылса, олардың атаулары мен бағалары тауарларды комиссияға қабылдау ресімделетін шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тауарлар тізбесінде көрсетілуі мүмкін. Көрсетілген шарт екі данада жасалады. Бір данасы комитентке тапсырылады, екіншісі комиссионерде қалады.

83. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жататын отандық та, шетелдік те өндірістің автомобильдері, мотоциклдері және мототехниканың басқа да түрлері (бұдан әрі - көлік құралдары деп аталады), олардың нөмірлі агрегаттары көлік құралдарына және олардың агрегаттарына меншік құқығын, сатуға байланысты олар есептен шығарылғандығын куәландыратын құжаттар болған жағдайда комиссияға қабылданады.

84. Қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдар осы Ережеде көзделген оларға қойылатын талаптарға сәйкес комиссияға қабылданады.

85. Комиссияға осы Ереженің 18-тармағында көзделген тауарлар, сондай-ақ үй жағдайларында аурулардың алдын алу мен емдеуге арналған тауарлар; жеке гигиена заттары; парфюмерлік-косметикалық тауарлар; полимерлік материалдардан жасалған тамақ өнімдерімен жанасатын, соның ішінде бір рет пайдалануға арналған бұйымдар мен материалдар; тұрмыстағы химия тауарлары; дәрілік заттар қабылданбайды.

86. Тауарды комиссияға қабылдау кезінде оған тауарлық жапсырма, ал ұсақ бұйымдарға (сағаттар, моншақтар, сәнді түйреуіштер және басқа да соған ұқсас бұйымдар) - тауарды қабылдау кезінде ресімделетін құжаттың нөмірі мен бағасы көрсетілген баға көрсеткіші бекітіледі.

Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесінде және тауарлық жапсырмада тауардың жай-күйін сипаттайтын мәліметтер көрсетіледі (жаңа, бұрын тұтынуда болған, тозу дәрежесі, негізгі тауарлық белгілері, тауардың кемшіліктері). Комиссияға қабылданған көлік құралдарына қатысты бұл мәліметтерге көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, маркасы, моделі, атауы (түрі), шығарылған жылы, двигателінің, шассиінің (рамасының), шанағының (тіркемесінің), "транзит" тіркеу белгісінің нөмірлері, шанағының (кабинаның) түсі, спидометр деректері бойынша жүрілгені, көлік құралы паспортының сериясы және нөмірі енгізіледі, ал Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген көлік құралына қатысты оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік ресімделгенін

растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесі мен тауарлық жапсырмаға комиссионер және комитент қол қояды.

87. Комиссионер комитентке оның келісімімен қосымша қызметтер (тауарды үйде қабылдау және бағалау, ірі көлемді тауарды комитенттен сауда объектісіне жеткізу бойынша және басқа) ұсынуы мүмкін.

88. Комитент кез келген уақытта комиссионерге берілген тапсырманы бұза отырып, комиссияның шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Комиссионер тапсырманы бұзудан туындаған шығындарды өтеуді талап ете алады.

Комитент комиссияның шартында белгілеген мерзімде, ал егер мұндай мерзім белгіленбесе, комиссионердің қарауындағы өз мүлкіне дереу иелік етеді.

Егер комитент өз мүлкіне иелік етпесе, комиссионер тауарды комитент есебінен сақтауға тапсыруы не оны комитент үшін мүмкіндігінше неғұрлым тиімді бағаға сатуы мүмкін.

89. Комиссионер мен комитенттің арасында комиссия шартының талаптарын орындау жөнінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

90. Тауардың бағасы комиссионер мен комитенттің келісімімен айқындалады.

91. Комитент комиссионерге комиссиялық сыйақы төлейді, оның мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады.

Егер шартта сыйақы мөлшері немесе оны төлеудің тәртібі көзделмеген болса және сыйақы мөлшерін шарттың талаптарына сүйеніп айқындау мүмкін болмаса, сыйақы комиссия шартын орындағаннан кейін әдетте осыған ұқсас қызметтер үшін салыстырмалы жағдайлар кезінде алынатын мөлшерде төленеді.

92. Комиссияға қабылданған тауар демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, оны қабылдағаннан кейін келесі күннен кешіктірмей сатуға түседі.

Комиссионердің кінәсі бойынша тауардың түсуі кешіктірілген жағдайда соңғысы комитентке мерзімі өткен әрбір күн үшін сыйақы сомасының үш пайызы мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлейді. Тараптардың келісімі бойынша тұрақсыздық төлемнің неғұрлым жоғары көлемі белгіленуі мүмкін.

93. Қабылданған тапсырманы комиссионер комитенттің нұсқауларына сәйкес, ал шартта мұндай нұсқаулар болмаған жағдайда - комитент үшін неғұрлым тиімді шарттарда, іскерлік айналымының дәстүрлеріне немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындайды.

94. Комиссионер, егер іс жағдаяттары бойынша бұл комитенттің мүддесі үшін қажет болса және комиссионер комитентке алдын ала сұрау сала алмаса не өз сұрау салуына ақылға қонымды мерзімде жауап ала алмаса комитент нұсқауынан ауытқуы мүмкін. Комиссионер жол берілген ауытқулар туралы, хабарлау мүмкін болған бойда, комитентті хабардар етеді.

Комитент комиссионерге алдын ала сұрау салусыз оның нұсқауларынан ауытқу мүмкіндігін беруі мүмкін. Мұндай жағдайда комиссионер, егер комиссия шартында өзгеше көзделмесе, жол берілген ауытқулар туралы ақылға қонымды мерзімде комитентті хабардар етеді.

95. Оны комиссияға қабылдау кезінде анықталмаған және сатып алушыға сатуға (беруге) дейін айқындалмаған кемшілігі бар жаңа тауар, егер кемшіліктер комиссионердің кінәсі бойынша туындағаны дәлелденбесе, комиссионердің тауарды сақтау жөніндегі шығыстары төленбестен сатудан алынады және комитентке қайтарылады. Тараптардың келісімі бойынша бұл тауарды пайдаланудың өзге тәртібі айқындалуы мүмкін.

96. Кепілдік мерзімі бар тауарды сату кезінде, егер ол мерзім өтіп кетпесе, сатып алушыға комитенттен алынған кепілдік талоны, техникалық паспорты, сервистік кітапша немесе оны алмастыратын сатып алушының қалған кепілдік мерзімін пайдалану мүмкіндігін растайтын өзге де құжат беріледі.

97. Егер оның кемшіліктері комиссионермен келісілмесе, оған тиісті сапасы жоқ жарамайтын тауар сатылған сатып алушы, өз қалауы бойынша:

- 1) соған ұқсас маркадағы (модельдегі, артикулдегі) тауарға ауыстыруды;
- 2) сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып басқа маркадағы (модельдегі, артикулдегі) осындай тауарға ауыстыруды;
- 3) сатып алу бағасын мөлшерлеп кемітуді;
- 4) тауардың кемшіліктерін дереу тегін жоюды;
- 5) тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсалған шығыстарды өтеуді талап ете алады .

Бұл ретте сатып алушы өзіне тиісті сапасы жоқ тауарды сату салдарынан келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады.

Сатып алушының осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген талаптары комиссионердің келісімімен қанағаттандырылуы тиіс.

Сатып алушы, осы тармақта көрсетілген талаптарды ұсынудың орнына, сатып алған тауардан бас тартуы және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуі мүмкін .

Бұл ретте сатып алушы алынған тиісті сапасы жоқ тауарды комиссионердің талабы бойынша және оның есебінен қайтаруы тиіс.

98. Комиссияға қабылданған тауарларды арзандатудың тәртібі мен мөлшері комиссия шартын жасасу кезінде комиссионермен және комитентпен келісіледі.

Шақырту туралы комитентті хабардар ету тәсілі және оның келу мерзімі тараптардың келісімімен айқындалады.

Комитент арзандатудан бас тартқан жағдайда, егер ол шартта көзделсе, комиссионерге оны сақтау жөніндегі шығыстарды өтей отырып, тауар оған қайтарылады .

Тауарға бағалау жүргізу шартқа қоса берілетін комиссияға қабылданған тауарлардың тізбесінде, тауар жапсырмасында немесе баға көрсеткішінде көрсетіледі.

99. Комиссионер комитенттің көрсеткенінен де неғұрлым тиімді шарттарда мәміле жасаған жағдайда, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, қосымша пайда комитент пен комиссионердің арасында тең бөлінеді.

100. Мүлікті комитентпен келісілгеннен төмен баға бойынша сатқан комиссионер, егер ол мүлікті келісілген баға бойынша сатуға мүмкіндігі болмағанын және мейілінше төмен бағамен сату көбірек шығынға әкелетінін, сондай-ақ оның комитент нұсқауынан бас тартуға комитенттің алдын ала келісімін алу мүмкіндігі болмағанын дәлелдесе, комитентке айырманы өтейді.

101. Комиссионер сатылған тауар үшін ақшаны комитентке тауар сатылғаннан кейін үшінші күннен кешіктірмей төлейді.

Сатылған тауар үшін ақша төлеу, сондай-ақ комиссияға қабылданған, бірақ сатылмаған тауарды қайтару комитент комиссия шартының жасалғанын растайтын құжатты, паспортты немесе комитенттің жеке басын куәландыратын өзге де құжатты ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

Комитенттің қалауы бойынша, оған сатылған тауар үшін ақша төлеуді комиссионер қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүргізуі мүмкін.

102. Комитент уәкілеттік берген тұлғаға сатылған тауар үшін ақша төлеуді, сондай-ақ сатылмаған тауарды қайтаруды комиссионер белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат және комиссия шартының жасалғанын растайтын құжат ұсынылғаннан кейін жүргізуі мүмкін.

103. Егер тараптардың келісімінде өзге мерзім белгіленбесе, сатылған тауар үшін комитентке ақша төленген не оған сатылмаған тауар қайтарылған күннен бастап 30 күннің ішінде комитенттің комиссия шартының тиісті дәрежеде орындалмауымен байланысты талаптары комиссионерге ұсынылуы мүмкін.

Параграф 3. Тапсырыстар бойынша жасалатын сауда

104. Тапсырыстар бойынша жасалатын сауда сатушының жарнама және тауарлар туралы ақпарат таратудың өзге де тәсілдері негізінде мәліметтер беру жолымен жүзеге асырылады.

105. Тауарларды тапсырыс бойынша сату жиынтық (стандарттық) жөнелтілімдер арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Жиынтық (стандарттық) жөнелтілімдер әр түрлі мақсаттағы тауарлар жиынтықтарын қамтуы мүмкін.

106. Тапсырыстар бойынша жасалатын сауданы сауда қызметінің субъектілері сатып алушының көшпелі сауда орындарында, тікелей, телефон

немесе почта тапсырысы арқылы тапсырыстар беруі және (немесе) қабылдауы арқылы жүзеге асырады.

107. Тапсырысты қабылдау және орындау жөніндегі қызметтердің бағасы, ақы төлеу тәртібі, жеткізу мерзімі шартпен айқындалады.

108. Тауарларды тапсырыс бойынша босату оралған түрде жүргізіледі. Онсыз тауар сатылмайтын ораманың (қағаз, пергамент, целлофан және басқалары) құны тауар бағасына кіреді.

Сатып алушының тілегі бойынша сатушы тауарды арнайы ыдысқа (себеттер, қораптар, полиэтилен сөмкелер және басқалар) салу, тапсырыстарды сыйлықтық безендірумен жиынтықтау бойынша қосымша қызметтер көрсетуі тауарларды үйге жеткізу бойынша қызметтер көрсетуі мүмкін.

Арнайы ыдыстардың үлгілері олардың құны көрсетіле отырып сатып алушылардың назарына шығарылып қойылады. Тауарлардың орамасы және жеткізу құралдары санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарына жауап беруі және тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

109. Тапсырысты жинақтағаны үшін төлем, тауарларды сатып алушының үйіне жеткізу бойынша, сондай-ақ басқа да қосымша қызметтер көрсеткені үшін шығыстар тапсырыс құнына кіреді және оларды прейскуранттың негізінде сатушы айқындайды.

110. Тауарды елді мекен шегінде жеткізу қолма-қол жүзеге асырылады, тауарларды басқа орындардан жеткізу көлік немесе почта ұйымымен шарт жасасу арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Тауарлар басқа елді мекеннен жеткізілген жағдайда тауар үшін есеп айырысуды, сондай-ақ көлік немесе почта ұйымы көрсеткен қызметтерге ақы төлеуді сатушының агенті жүзеге асырады.

111. Тапсырыстарды қабылдау, беру және жеткізу сатып алушымен келісілген уақытта жүргізіледі. Сатып алынған тауарларға төлемді қолма-қол және қолма-қол ақшасыз түрде жүргізуге рұқсат етіледі.

112. Қабылданған тапсырысты жиынтықтау кезінде сатушы сатып алушының келісімінсіз тауарлардың түр-түріне өзгерістер енгізбейді. Тапсырыс берілген тауарлардың қандай да бірі болмаған жағдайда сатушы сатып алушыны ескертеді және оған тиісті ауыстыру ұсынады.

113. Тауарларға тапсырыстар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен қандай да бір тауарларды сату кезінде тұтынушының жасы бойынша шектеу белгіленетін жағдайларды қоспағанда, тауар сатып алу үшін жүгінген әрбір адамнан қабылданады. Тапсырыстарды қабылдау және беру, егер заңнамада өзгеше көзделмесе телефон бойынша, азаматтардың жұмыс орны бойынша және өзге де орындарда жүзеге асырылады.

114. Сатып алушыға шарттасқан мерзімде тапсыру мүмкіндігінің болмауына байланысты қайтарылған тапсырысты сатушы өзінің қалауы бойынша пайдаланады.

115. Тапсырыс беруші шарттың талаптары бұзылмастан орындалған тапсырысты қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші тауарды тапсырыс берушіге дейін және кері қарай тасымалдау жөніндегі қызметтің құнын өтейді.

116. Сатушы шарттың талаптарын бұзған жағдайда сатып алушы өз тандауы бойынша тапсырысты орындаудың жаңа мерзімін белгілеуге, тауар үшін төлемді азайтуды талап етуге, шартты бұзуға және залалдарды өтеуді талап етуге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шаралар қабылдауға құқылы.

Параграф 4. Шекара маңындағы сауда

117. Шекара маңындағы сауданы Қазақстан Республикасының шекара маңы аумағы мен шектес мемлекеттің тиісті шекара маңы аумағындағы жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

118. Шекара маңындағы сауданы жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен шектес мемлекеттермен жасасқан халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға сәйкес айқындалады.

Параграф 5. Көшпелі сауда

119. Көшпелі сауда тиісті аумақта жоқ тауарларға тұтынушылық қажеттілікті қанағаттандыру үшін не осы аумақта сауда объектілері болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

120. Сауда қызметінің субъектілері көшпелі сауданы жергілікті атқарушы органдар белгілеген арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырады.

Көшпелі сауда автодүкендерде және (немесе) шатырларда жүзеге асырылады.

Көшпелі сауданы жүзеге асыру кезінде сауда қызметінің субъектілері осы Ереженің нормаларын басшылыққа алады.

Параграф 6. Көрме-жәрмеңкелік сауда

121. Көрме-жәрмеңкелік сауда орталық атқарушы органдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің немесе жергілікті атқарушы органдардың,

сондай-ақ сауда қызметі субъектілерінің рынок конъюнктурасын зерделеу, тауарларды сатып алу-сатуды ұйымдастыруға жәрдемдесу, шарттар жасасу және жаңа сауда байланыстарын орнату мақсатында көрмелер және жәрмеңкелер ұйымдастыруы жолымен жүзеге асырылады. Көрме-жәрмеңкелік сауда тауарлар үлгілерін көрсетумен байланысты болады.

Сауда қызметі субъектілері қоғамдық орындарда көрме-жәрмеңкелік сауданы өткізуді тиісті аумақтың жергілікті атқарушы органымен өткізу уақытын және орнын келісу арқылы жүзеге асырады.

Көрме-жәрмеңкелік сауданы жүзеге асыратын сауда қызметінің субъектілері өз қызметінде осы Ереженің нормаларын басшылыққа алады.

122. Шартта белгіленген жағдайларда және мерзімде қайта әкелуге жататын тауарды көрме-жәрмеңкелік сауданы жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге әкету Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес реттеледі.

Параграф 7. Электрондық сауда

123. Электрондық сауда электрондық саудаға қатысушылардың электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, тауарларды сатып алу-сатуға арналған келісімінің (шартының) негізінде сауда мәмілелерін жасасу жолымен жүзеге асырылады.

124. Электрондық саудаға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сауда қызметі субъектілері үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

125. Электрондық сауданы жүзеге асырудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Параграф 8. Тауарлардың биржалық саудасы

126. Биржалық сауда Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

127. Биржа биржалық тауарлардың көтерме саудасын жүргізумен тікелей байланысты ұйымдастыру және реттеу қызметін жүзеге асырады.

128. Биржалар биржалық саудаға тікелей байланысты емес сауда, сауда-делдалдық және кез келген өзге де қызметті жүзеге асырмайды.

129. Көпшілік сауда-саттыққа биржа шығаратын биржалық тауар нормативтік құжаттаманың талаптарына және қолданыстағы стандарттарға жауап береді.

130. Биржалық сауда-саттық барысында биржа тіркеген биржалық саудаға қатысушылар биржалық тауарға қатысты жасасатын шарт (келісім, келісім-шарт)

биржалық мәміле болып табылады. Биржалық мәмілелерді тіркеу және ресімдеу тәртібін қолданыстағы заңнамаға сәйкес биржа белгілейді.

131. Биржада белгіленбеген тәртіппен жасалған мәмілелерге биржаның кепілдіктері қолданылмайды.

132. Биржалық сауда-саттық барысында биржалық саудаға қатысушылар:

- 1) нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара табыстауға;
- 2) жеткізілу мерзімі кейінге қалдырылған нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара табыстауға (форвардтық мәмілелер);
- 3) биржалық тауарды болашақта жеткізуге арналған стандартты келісім-шарттарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара табыстауға (фьючерстік мәмілелер);
- 4) биржалық тауарға немесе биржалық тауарды жеткізуге арналған келісім-шартқа қатысты құқықтар мен міндеттерді болашақта табыстау құқықтарын беруге (опциялық мәмілелер);
- 5) биржалық сауда ережелерінде белгіленген биржалық тауарға немесе келісім-шартқа байланысты мәмілелерді жасай алады.

133. Брокерлік ұйымдар, брокерлер, дилерлер және бір жолғы келушілер биржалық саудаға қатысушылар болып табылады.

134. Биржалық сауда:

- 1) клиенттің атынан және оның есебінен, клиенттің атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиент есебінен биржалық мәмілелер жасасу (брокерлік қызмет);
- 2) кейін биржада қайта сату мақсатымен өз атынан және өз есебінен биржалық мәмілелер жасасу (дилерлік қызмет);
- 3) өз атынан және өз есебінен бір жолғы келушілермен биржалық мәмілелер жасасу жолымен жүзеге асырылады.

135. Биржа биржалық сауда қатысушысының талабы бойынша жария көпшілік сауда-саттықтары арқылы сатылатын нақты тауарлар сапасының нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігіне сараптама ұйымдастырады.

136. Биржаның:

- 1) биржалық сауда ережелерін және басқа да ережелерді;
- 2) биржа және оның бөлімшелері көрсететін қызметтер үшін өзінің мүшелерінен және биржалық саудаға басқа да қатысушылардан биржаның пайдасына алынатын төлемдердің ставкаларын;
- 3) биржаның жарғысын, биржалық сауда ережелерін және биржа белгілейтін басқа да ережелерді бұзғаны үшін алынатын, биржалық шарттың талаптарында көзделген экономикалық санкциялардың мөлшерлерін өз бетімен белгілейді.

137. Биржаға:

- 1) биржалық тауарға арналған бағаның деңгейлері мен шектерін;

2) биржалық мәмілелерге делдалдық жасағаны үшін биржалық сауда-саттыққа қатысушылар алатын сыйақы көлемін белгілеуге тыйым салынады.

138. Қызметтер үшін тарифтер мен биржалық сауда-саттықтарға қатысушылардан алынатын комиссиялық алымдардың прејскуранты кез келген биржалық саудаға қатысушыға танысу үшін қол жетімді орындарда орналасады.

6. Тауарлардың жекелеген түрлерін сатуға қойылатын талаптар

Параграф 1. Азық-түлік тауарларын сатуға қойылатын талаптар

139. Тауарлар олар сауда залына немесе өзге де сату орнына берілместен бұрын ыдыстан, орама және байлама материалдардан, металл тістемелерден босатылады. Тауардың ластанған беті немесе бөліктері алынып тасталады. Сатушы сондай-ақ тауарлардың сапасына (сыртқы белгілері бойынша), тауарлардың осы Ереженің 13 және 140-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттамасы мен ақпаратының болуына тексеру жүргізеді.

140. Этикеткаларда, жапсырмаларда, қосымша парақтарында және орама материалдары мен бұйымдардың стикерлерінде, тамақ өнімдерінің түрлері ескеріле отырып, осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген ақпараттан басқа, мемлекеттік және орыс тілдерінде:

1) өнімнің тағамдық құндылығы (құнарлылығы, ақ уыздардың, майлардың көміртектілерінің, витаминдердің, макро және микроэлементтердің құрамы);

2) арналуы және қолданылу шарттары (оның ішінде балаларға арналған, диеталық және емдік-алдын алу тағам өнімдері мен биологиялық белсенді қоспалар);

3) дайын тағамдарды дайындау тәсілдері мен шарттары (тамақ өнімдерінің концентраттары мен жартылай фабрикаттары үшін);

4) сақтау шарттары мен мерзімдері (олардың сақтау шарттарына талаптар қойылатын тағам өнімдеріне қатысты) және жарамдылық мерзімдері;

5) тағам өнімдерінің дайындалған күні мен оралған күні;

б) тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды қоса алғанда, құрамы және қолданылатын генетикалық түрлендірілген көздері туралы мәліметтер көрсетіледі.

141. Өлшемелі тауарларды сатар алдында сатушы қаттаған және ораған жағдайда қатталатын тез бүлінетін тауарлардың көлемі сауданың бір күні ішінде олардың сатылатын көлемінен аспайды.

Қатталған тауарда оның атауы, салмағы, килограмм үшін бағасы, салмақ бағасы, қатталған күні, жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

142. Өлшемелі азық-түлік тауарлары сатып алушыға орама үшін қосымша ақы алынбастан оралған түрде беріледі.

Орама үшін стандарттардың міндетті талаптарына сәйкес материалдар пайдаланылады.

143. Өлшеніп сатылатын азық-түлік тауарларының бағасы таза салмақ бойынша айқындалады.

144. Азық-түлік тауарларының саудасы орындарында азық-түлік емес жанама тауарлардың сатылуы және азық-түлік тауарларының сапасы мен қауіпсіздігін және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың және стандарттардың міндетті талаптарында белгіленген оларды сату жағдайларын нашарлатуға әкеп соқтырмайтын қоғамдық тамақтандыру қызметінің көрсетілуі және тауар көршілігі қағидаты ескерілуі мүмкін.

145. Сауда объектілеріне сату үшін түскен жануарлардан алынған өнімдер мен шикізат мемлекеттік ветеринарлық қадағалауға жатады және Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларында зертханалық талдауға ұшырайды.

Параграф 2. Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді сатуға қойылатын талаптар

146. Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді сатумен айналысатын сауда қызметінің субъектілері өз қызметінде осы Ережені, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, осы тауарлар саудасы бойынша әрбір сауда объектілерінде болатын нормативтік-техникалық құжаттарды басшылыққа алады.

147. Нан-тоқаш өнімдерін барлық меншік нысанындағы сауда желілерінде сату мамандандырылған және фирмалық нан-тоқаш және кондитерлік дүкендерде, азық-түлік дүкендерінің нан-тоқаш бөлімдерінде жүргізіледі.

148. Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдердің әрбір партиясы өнімнің пештен шыққан уақыты көрсетіле отырып, тауарлық-көліктік жүк құжатымен, сондай-ақ сәйкестік сертификатымен қамтамасыз етілуі тиіс.

149. Өзіне өзі қызмет көрсететін дүкендер сатып алушылардың нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді таңдауы үшін нан және нан-тоқаш өнімдері орналасқан жабдықтың әр қума метрінде екі данадан кем емес есепте металл қысқыштармен, қасықшалармен, күрекшелермен жабдыкталады.

150. Сатып алушылардың тілегі бойынша 0,4 кг және одан көп салмақтағы даналап сатылатын нан-тоқаш өнімдерін (орамадағы бұйымдардан басқа) 2-4 тең бөліктері кесуге рұқсат етіледі.

151. Нан-тоқаш өнімдерін кесуге үгінділерді азайту, тез және тең кесу үшін жүзі үнемі және жақсы қайралатын нан кескіш тұтқалы немесе қол пышақтары қолданылады.

152. Сапасыз нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер сатылған жағдайда нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер саудасы жөніндегі объектінің қызметкерлері сатып алушының талабы бойынша оларды сапалысына алмастырады.

Параграф 3. Тоқыма, трикотаж, тігін және үлбір тауарлары мен аяқ киімдерді сатуға қойылатын талаптар

153. Тоқыма тауарлары (мата және мата емес материалдар мен олардан жасалатын бұйымдар), трикотаж бұйымдары, тігін тауарлары (киім, іш киім, бас киімдер), үлбірден жасалған бұйымдар мен аяқ киімдер сауда залына берілерден бұрын сату алдындағы дайындықтан өтеді, ол:

- 1) тауарды орамынан шығаруды, сорттауды және қарауды;
- 2) тауар сапасын (сыртқы белгілері бойынша) және осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген қажетті ақпараттың болуын тексеруді;
- 3) қажет болған жағдайда бұйымдарды тазалауды және үтіктеу мен оларды ұсақ жөндеуді қамтиды.

154. Сату үшін ұсынылатын тауарлар түрлері, модельдері, мөлшерлері, ұзындығы бойынша топтастырылады және сауда залына қойылады. Сауда ерекшеліктері ескеріле отырып, сауда залында сатып алушыға өзіне қажетті тауарды таңдау және сатып алу мүмкіндігін беретін сатуға ұсынылатын тауарлардың үлгілері қойылуы мүмкін.

Ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған трикотаж, тігін, үлбір тауарлары мен аяқ киімдер сауда залында жеке орналасады.

Маталар түрлері және олар жасалған талшықтар бойынша, үлбір тауарлары - үлбірдің түрлері бойынша топтастырылады.

Матаның әрбір үлгісі олар жасалған талшықтардың пайыздық құрамы туралы ақпаратпен, ал үлбірден жасалған бұйымдар - үлбірдің түрі туралы ақпаратпен де қамтамасыз етіледі.

155. Тауарларда өзінің атауы, артикулы, бағасы, мөлшері (киім, ішкіім және басқа да тігін бұйымдары, аяқ киім, бас киім үшін) және ұзындығы (киім мен ішкіім үшін) көрсетілген ілме жапсырмалар болады.

156. Сатушы сатып алушыға тігін, сырт трикотаж бұйымдарын, бас киімдерді , үлбір тауарлары мен аяқ киімдерді киіп көру үшін жағдай жасайды. Осы мақсат үшін сауда залдарын айналары бар киіп көру кабиналарымен жабдықтау, банкеткалармен немесе орындықтармен, сондай-ақ тұғырлармен жарақтау қажет.

157. Жүн маталарды, мақталы және басқа да ауыр маталарды сатып алушыға сату кезінде өлшеу сөреде (үстелде) бүктемелерсіз бос күйде жатқан матаның үстіне стандартты қатты метрді қою жолымен жүргізіледі. Жұқа және жеңіл маталар матаны қатты стандартты метрге тартпай бос жанастыру арқылы сөреге т а с т а п о т ы р у ж о л ы м е н ө л ш е н е д і .

Жүн маталар мен трикотаж жаймаларынан басқа маталардың барлық түрлерін өлшеу матаны бір жағына металдан жасалған таңбалы өлшеу лентасы орнатылған сөреге (үстелге) жаю жолымен де жүргізілуі мүмкін.

Сатып алынған затқа мата тіліктерін қосуға, сондай-ақ егер фабрикалық әрленуі бұзылса және таңба теріс жағынан қойылса, фабрикалық ілме жапсырмалары мен таңбалары (хаздық етектері) бар мата тіліктерін сатуға тыйым салынады.

158. Сатушы маталарды, киімдерді, үлбір тауарлары мен аяқ киімдерді босату кезінде сатып алушының көзінше тауардың сапасын (сырттай қарау жолымен) өлшену дәлдігін (санын), сатып алынған заттың құнын есептеудің дұрыстығын тексереді.

159. Маталар, киімдер, үлбір тауарлары мен аяқ киімдер орама үшін қосымша төлем алынбастан, сатып алушыға оралған күйде беріледі.

Параграф 4. Тұрмыстық мақсаттағы техникалық жағынан күрделі тауарларды сатуға қойылатын талаптар

160. Тұрмыстық радиоэлектрондық аппаратура, байланыс құралдары, есептеу және көбейту техникасы, фото және киноаппаратура, сағаттар, музыкалық тауарлар, тұрмыстық электр приборлары, машиналар мен аспаптар, сондай-ақ тұрмыстық мақсаттағы техникалық жағынан күрделі басқа да тауарлар сауда залына немесе сатып алынған затты беретін орынға берілгенге дейін сату алдындағы дайындықтан өтеді, ол:

1) тауарды орамынан шығаруды, зауыттық майын, шаңды, қиқымдарды а л у д ы ;

2) тауарды қарауды, атап айтқанда: бұйымның жиынтығын, сапасын, осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген қажетті ақпараттың болуын тексеруді;

3) қажет болған жағдайда бұйымды жинауды және оны жөндеуді қамтиды.

161. Сатып алушының талабы бойынша сатушы оны тауардың құрылысымен және жұмысымен таныстырады, жиналған, техникалық жағынан жарамды

күйінде көрсетеді. Қосу үшін арнайы жабдықты талап етпейтін тауарлар жұмыс істейтін күйінде көрсетіледі.

162. Сатушы немесе онымен жасасқан шарт бойынша сатушының функцияларын орындайтын ұйым стандарттардың немесе тауарға қоса берілетін техникалық құжаттаманың (техникалық паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) талаптарына сәйкес сатып алушы өз бетімен жинауға және (немесе) қосуға рұқсат етілмейтін техникалық жағынан күрделі тауарды сатып алушының үйінде жинауды және (немесе) орнатуды (қосуды) жүзеге асырады.

Егер тауарды жинау және (немесе) орнату құны оның құнына енгізілген болса , онда көрсетілген жұмыстарды сатушы немесе тиісті ұйым тегін орындайды.

Егер тауарды жинау және (немесе) орнату құны оның құнына енгізілмеген болса, сатушы тауарды сату кезінде көрсетілген жұмыстарды орындайтын ұйымдар туралы ақпаратты сатып алушының назарына жеткізеді.

Параграф 5. Парфюмерлік-косметикалық тауарларды сатуға қойылатын талаптар

163. Парфюмерлік-косметикалық тауарлар сауда залына берілмес бұрын орамынан босатылады және қаралады, тауардың әрбір бірлігінің сапасы (сыртқы белгілері бойынша) және онда осы Ереженің 13 және 164-тармақтарында көрсетілген қажетті ақпараттың болуы тексеріледі.

164. Парфюмерлік-косметикалық тауарлар туралы ақпарат осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, нақты тауардың ерекшеліктері ескеріле отырып, оның мақсаты, бұйымының құрамына кіретін ингредиенттері, жұмыс істеуі мен тигізетін әсері, қолдану үшін шектеулері (қарсы көрсеткіштері) қолдану тәсілдері мен шарттары туралы мәліметтерді қамтиды.

165. Сатып алушыға тауардың қасиеттерімен (иісі, түсі, көлемі және т.б.) және ерекше сипаттамаларымен танысу мүмкіндігі беріледі.

166. Тауарларды целлофан орағышы немесе фирмалық лентасы бар орамамен беру кезінде сатып алушыға целлофанды немесе фирмалық лентаны алу жолымен орама ішін тексеру мүмкіндігі беріледі. Тауардың аэрозольді орамасын сатуды жүзеге асыратын адам ораманың жұмыс істеуін сатып алушының көзінше тексереді.

Параграф 6. Жеңіл автомобильдерді, мототехникаларды, тіркемелерді және нөмірлі агрегаттарды сатуға қойылатын талаптар

167. Жеңіл автомобильдер, мотоциклдер және мототехниканың басқа да түрлері, тіркемелер мен олардың нөмірлі агрегаттары түрлері мен көлемдерін өнімді дайындаушылар айқындайтын сату алдындағы дайындықтан өтеді. Сатушы тауардың сервистік кітапшасына немесе оны алмастыратын өзге де құжатқа осындай дайындықтың өткізілгені туралы белгі қояды.

168. Сатуға ұсынылатын тауарды көрсету кезінде сатып алушының оған еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

169. Тауарды сатып алушыға беру кезінде дайындаушы белгілеген керек-жарақтар жиынтығы мен құжаттар, оның ішінде сервистік кітапша немесе оны алмастыратын өзге де құжат, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен оларды мемлекеттік тіркеу үшін көлік құралына меншік құқығын куәландыратын құжат бір мезгілде беріледі.

170. Сатушы тауарды беру кезінде сатып алушының көзінше, тауарды сату алдындағы дайындық бойынша орындалған жұмыстардың сапасын, сондай-ақ оның жиынтығын тексереді.

Параграф 7. Қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдарды сатуға қойылатын талаптар

171. Қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды, корпусы қымбат бағалы металдардан жасалған сағаттарды сату күзет элементтерімен немесе арнайы күзетпен жарақталған сауда объектілері арқылы жүзеге асырылады.

172. Қымбат бағалы металдардан немесе қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдар сауда залына берілгенге дейін:

- 1) бұйымды қарауды және ақауын тексеруді;
- 2) оларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік сынамалық таңбасы (қазақстандық өндірістің бұйымдары үшін) мен шығарушы бедерлерінің болуын тексеруді;
- 3) пломбалар мен жапсырмалардың сақталуын;
- 4) мөлшерлер бойынша сұрыптауды қамтитын сату алдындағы дайындықтан өтеді.

Ескерту. 172-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 637 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

173. Қымбат бағалы және жартылай қымбат бағалы металдар мен тастардан жасалатын зергерлік бұйымдар сатылатын сауда қызметі объектілері дәлдіктің тиісті түріндегі және сыныбындағы таразы құралдарымен жарақталады.

Қымбат бағалы және жартылай қымбат бағалы металдар мен тастардан

жасалған зергерлік бұйымдарды сату кезінде техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органның уақытылы тексерілгендігі туралы куәлігі бар таразылар мен салмақ басқыштар пайдаланылады.

Алтын мен платинаны өлшеу 0,01 г, күміс 0,1 г дейінгі дәлдікпен жүргізіледі. Қымбат бағалы тастар 0,01 карат, жартылай қымбат бағалылар 0,01 г дейінгі, жасандылары 0,1 г дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

Зергерлік және алтын бұйымдар 0,01 г, күміс бұйымдар 0,1 г дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

Сатып алушының талабы бойынша оның көзінше қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған жапсырмасыз сатып алынған салмағы 1 кг дейінгі бұйымдарды өлшеу салмақты айқындаудың 0,01 г аспайтын дәлсіздігі бар таразыларда және 1 кг-нан 10 кг-ға дейінгілер айқындаудың 0,1 г аспайтын дәлсіздігі бар таразыларда жүргізіледі.

Ескерту. 173-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 637 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

174. Алтыннан жасалған бұйымдарды сатудың осы Ережеде көзделген тәртібі платина мен палладийден жасалған бұйымдарға толығымен қолданылады.

175. Қазақстан Республикасында өндірілген әрі оның аумағына әкелінген зергерлік бұйымдарды, үстелді жабдықтау, үй-жайды әсемдеу заттарын және қымбат бағалы металдардан (алтын, күміс, платина, палладий және олардың қорытпалары) жасалған басқа да бұйымдарды, қымбат бағалы тастары және інжу бар бұйымдарды, сондай-ақ жартылай қымбат бағалы, жасанды және синтетикалық тастардан жасалған қосымшалары бар қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдарды сату бұл бұйымдарда дайындаушылардың таңба-бедерлері болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Қырланған қымбат бағалы табиғи тастарды және інжуді сату тек әрбір тасқа немесе сатылатын тастардың жиынына сертификат болған жағдайда жүзеге асырылады.

176. Қымбат бағалы металдардан және қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ қырланған қымбат бағалы табиғи тастарды сату кезінде жеке орама пайдаланылады.

177. Бұйымның маркалануының дұрыстығын, оның ішінде салмағын тексеру мақсатында жапсырманы алу талап етілетін жағдайда, кейіннен дүкеннің жапсырма-көшірмесінде актінің нөмірі көрсетіле отырып, акт жасалады. Дайындаушының жапсырмасы сақталады және бұйымға көшірмемен бірге ілінеді.

Параграф 8. Аудио, аудиозажаба өнімдерін және электрондық есептеу машиналары мен дерекқорларға арналған бағдарламаларды сатуға қойылатын талаптар

178. Материалдық тасығыштардың кез келген түріне жазылған аудиозажаба туындыларының даналарын, фонограммаларды, электрондық есептеу машиналары мен дерекқорларға арналған бағдарламаларды сату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар сақтала отырып, аталған өнімді сататын сатушылар мен туындылар құқығын иеленушілердің арасындағы келісімнің негізінде жүргізіледі .

179. Сатушы аудиозажаба туындыларына қатысты осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа сатып алушыға мынадай ақпаратты ұсынады :

1) фильмнің, фильм түсірілген студияның атауы және оның шығарылған жылы ;

2) негізгі фильмдік графикалық деректер (жанры, аннотациясы, сценарий авторы, режиссері, композиторы, басты рөлді орындаушылар және т.б. туралы мәліметтер) ;

3) фильмнің ұзақтығы (минутпен);

4) көрермендер аудиториясының жастық шектелімі жөніндегі ұсынымдар;

5) туындыға авторлық және (немесе) сабақтас құқық иесі туралы мәліметтер.

180. Сатушы фонограмма данасына қатысты осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа сатып алушыға мынадай ақпарат ұсынады:

1) материалдық тасығышта жазылған әрбір музыкалық туындының атауы;

2) музыкалық туындының ұзақтығы (минутпен);

3) музыканың және музыкалық туынды сөзінің авторлары туралы мәліметтер;

4) туындыға авторлық және (немесе) сабақтас құқық иесі туралы мәліметтер.

181. Сатушы электрондық есептеу машиналары мен деректер қорына арналған бағдарламаларға қатысты осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа сатып алушыға мынадай ақпарат ұсынады:

1) электрондық есептеу машиналары мен деректер қорына арналған бағдарламаның атауы ;

2) жүйелік талаптар ;

3) аннотация , жанр ;

4) туындыға авторлық және (немесе) сабақтас құқық иесі туралы мәліметтер;

5) "қораптық нұсқаны", бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған

лицензияны сатып алу жолымен сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану.

182. Эротикалық мазмұны бар тауарды тек арнайы дүкендерде сатуға рұқсат етіледі.

183. Материалдық тасығыштардың кез келген түріне жазылған аудиожазба туындыларының, фонограммалардың, электрондық есептеу машиналарына, деректер қорына арналған бағдарламалардың даналарын сатуға орамада және (немесе) жапсырмада шығыс деректері: өнім даналарын дайындаушының (импорттаушының) атауы мен орналасқан жері, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленуші туралы мәліметтер болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

184. Көрермен аудиториясының жастық шектелімі бар өнім өнімнің орамасында көрсетілген жасқа жеткен адамдарға ғана көрсетіледі және сатылады.

184-1. Аудио-, аудиокөрнекі шығармалардың, электрондық есептеу машиналарына арналған бағдарламалардың және кез келген материалдық тасығыштардағы дерекқорлардың даналарын сату тек сауда үйлері мен дүкендерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 184-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 637 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Осы Ереженің сақталуын бақылау

185. Осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыретінің шегінде уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

186. Сауда қызметінің субъектісі уәкілетті органдардың лауазымды адамдарына тексеру жүргізуге жәрдем көрсетеді және жүргізілген тексеру барысында анықталған кемшіліктер мен жолсыздықтарды жою шараларын қабылдайды.

187. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда бақылаушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды.

188. Сауда қызметінің субъектілері осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты болады.